

**1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісім бойынша мемлекет атынан Қазақстан Республикасының үлесін алушыны айқындау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 67 қаулысы.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**2016 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.**

2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 1-бабы 1-тармағының 43) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.04.2018 № 172 қаулысымен**

1. "PSA" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімде көзделген салықтық міндеттемені орындау есебіне жер қойнауын пайдаланушы заттай нысанда беретін Қазақстан Республикасының үлесін мемлекет атынан алушы болып айқындалсын.

2. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*